



ПРИОЗЁРСКИЙ

18+

№ 05/649

31 января 2020 года

Вестник

Новости Акорды

Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ОЗНАКОМИЛСЯ С ХОДОМ ПОДГОТОВКИ К ВЫСТАВКЕ «ЭКСПО-2020»

г.Абу-Даби, Объединенные Арабские Эмираты

28 января, в ходе официального визита в ОАЭ, Касым-Жомарту Тоқаеву презентовали казахстанский павильон, который будет построен на Международной выставке «ЭКСПО-2020» в Дубае.

Казахстанский павильон будет расположен в тематическом кластере «Возможности», в непосредственной близости от главного павильона ОАЭ. Национальная экспозиция будет поделена на несколько зон, в которых будет представлена информация о месте нашего региона в мире,



Глобальное мероприятие, которое состоится с 20 октября 2020 года по 10 апреля 2021 года, будет посвящено теме «Объединяя умы, создавая будущее». По словам управляющего директора по развитию «ЭКСПО-2020» Ахмеда аль Хатиба, ожидается, что выставку посетят свыше 20 миллионов человек.

туристском потенциале, истории, культуре страны и ее столице. Посетители также смогут узнать об экономических и инвестиционных возможностях Казахстана. Финальное интерактивное шоу поведает гостям павильона о влиянии искусственного интеллекта на будущее человечества.

Источник: www.akorda.kz

ОФИЦИАЛЬНО ДАН СТАРТ ПРАЗДНОВАНИЮ 1150-ЛЕТИЯ АЛЬ-ФАРАБИ В КАЗАХСТАНЕ



29 января Государственный секретарь Республики Казахстан Крымбек Кушербаев принял участие в старте празднования 1150-летия Абу Насра аль-Фараби. Официальная церемония открытия юбилейного года состоялась во Дворце студентов Казахского национального университета имени аль-Фараби, передает пресс-служба Президента РК.

Перед началом торжественного собрания его участники возложили цветы к памятнику Абу Насру аль-Фараби на главной университетской площади и приняли участие в открытии Библиотеки-Центра аль-Фараби.

Открывая торжественное мероприятие, Крымбек Кушербаев подчеркнул, что празднование 1150-летнего юбилея Аль-Фараби

придаст мощный импульс изучению и осмыслению наследия великого ученого как у нас в стране, так и за рубежом.

Госсекретарь отметил, что юбилей великого мыслителя Востока включен в Календарь памятных дат и событий ЮНЕСКО и будет широко отмечен на международных культурных площадках при поддержке ИСЕСКО, ОИС, ТЮРКСОЙ и других организаций.

В рамках юбилея аль-Фараби запланированы научные симпозиумы в Париже, Нур-Султане и Туркестанской области, в которых примут участие ведущие ученые-фарабиеведы из более чем 40 стран мира, будут организованы международные экспедиции, реконструированы исторические культурные объекты, изданы и переведены труды ученого, создан цикл документальных фильмов, откроются центры аль-Фараби за рубежом.

В открытии юбилейного года аль-Фараби участвовали представители дипломатических миссий и международных организаций, известные деятели, ректоры вузов, руководители научных центров и институтов, зарубежные и отечественные ученые, представители СМИ.

Источник: www.akorda.kz

ХАКІМ ТАҒЫЛЫМЫ ЫӘМ ҰЛТТЫҚ КОД


Абайды білмейтін қазақ кемде-кем. Алайда қазіргі жаһандану дәуірінде жас буынның көкірек көзін ашып, жүрегіне нұр мен бойына қайрат, санасына ақыл сәулесін шашып тұру үшін Абай өсиетін қалай дәріптейміз? Бүгінгі ұрпақ Абайды оқи ма, құрмет тұтып, оның даналығын бағдар етіп ұстана ма? Абай тағылымы қанша заман өтсе де өзекті, мазмұны терең, бірақ сол тағылымды дүниеге жастардың жаппай көңіл аударуы, түсініп, жандарына жақын етуі үшін қайтпек керек? Әрине бұл сауалдарға бірден жауап беру қиындық туғызатыны сөзсіз.

XXI ғасыр адамзатқа жаңа құндылықтар жүйесін ала келді. Жаппай тұтыну қоғамы қалыптасты. Ақпарат алмасу мен байланыс жүйесінде жылдамдық артқан сайын адамдарда асығу күйі күшейген

концепцияларды жаңғыртудың және жүзеге асырудың жолдарына стратегиялық бағдарлама жасалған.

Абай он тоғызыншы қара сөзінде «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» дейді. Біз Абай орталықтары арқылы Абай айтып отырған «Толық адам» іліміне негізделген идеяны алға тарта отырып, жастар арасында «есті сөз» айтуды тоқтатпағанымыз абзал.

Қазір интернет заманы дейміз. Абай айтқан «сыбырдан басқа сыр жоқ» ақпараттар әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде желдей есіп, елді дүрліктіреді де жатады. Осындай тұста Абайдың «Өңкей жалған мақтанмен, Шынның бетін бойды» деген тағы бір өлең жолы ойға оралады. Елді пайдасыз сыбыр мен жалған сөзден аулақ болуға шақырған Абайды оқу, оның «есті сөзін» естен шығармай өмірлік бағдар



заман орнады. Өмірге қажетті техникалық құралдар жетілгенімен уақытты тиімді пайдаланудың мүмкіндігі де азайып отырғандай әсер қалдырады. Әлем мазасыздыққа, анығын айтқанда рухани мазасыздыққа түсті. Адамның материалдық қажеттілігі сияқты, рухани қажеттілігі бар екені белгілі. Қазіргі жастар құндылықты, рухани қажеттілігін «тапқан жерінен» іздеуде. Бірі әртүрлі діни ағымдардан, бірі ғаламтордан іздесе, енді бірі өзге елдің мәдениетінен, тілінен, дәстүрінен іздеп жүр.

Дегенмен, адам заман ағымына сай бейімделетінін жоққа шығаруға болмас. Абайдың «Адам баласын замана өсіреді» дейтіні осыдан шығады. Әр адам өзі өмір сүріп отырған қоғамының жемісі ретінде қалыптасады. Яғни, XXI ғасыр өркениетінің жетістігі адамдар қатынасының жаңа жүйесін қалыптастырды. Осындай қоғамдық қатынастар жүйесінде Абайға заман ағымына сай қайта оралу, түсіндіру, оқу бағдарламасын жасау, Абай орталықтарын ашу аса керекті іс болмақ.

Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» тақырыбындағы мақаласында бүгінгі қоғам дамуына сай Абай іліміне мазмұнды баға берілген. Мемлекет ісінде, идеология мен жаһандық дамудың үрдісінде қалыптасқан жаңа қоғамдық жүйеде ойшыл ұсынған

етудің жеке адам үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де пайдасының зор екенін байқауға болады.

Президент атап айтқандай, бүгінгі жас буын Абайды оқудан, өлеңін жаттаудан жалықпағаны жөн.

Жоғарыда атап өткен Абай орталықтарын орта мектептер мен жоғары оқу орындары жанынан ашу, ол орталықтарға жастарды көптеп тартудың маңызы зор. Бұл орталықтарда жастарға ойшыл ілімімен жете танысуға мүмкіндік ашылады. Сондай-ақ орталықтарда көрнекті абайтанушылар және ғалымдармен кездесулер ұйымдастырылып, Абайдың өзі мензеген «есті адамдардың есті сөзі айтылса» орынды болар еді.

Орталықтардың Абай ілімімен шектеліп қалуы міндетті емес деп ойлаймын. Интеллектуалдық әрі рухани орта ретінде қалыптасып, ой өрісі кең жастарды тәрбиелейтін орталыққа айналдыру қажет.

Бұл өз кезегінде ел жастарының рухани құндылыққа деген көзқарасын қалыптастырып, біз тілге тиек етіп отырған жаһандану дәуірінде ұлттық кодты сақтауда маңызды тетік болады деп сенеміз.

Дархан ЖАЗЫҚБАЕВ,
философия ғылымдарының
кандидаты

АБАЙДЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақмақшылық...

Еңбек құмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар.



ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛАДАН – ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМҒА



Кеше Алматыда «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы салтанатты түрде бастау алды. Биыл ЮНЕСКО-ның қолдауымен халықаралық ауқымда аталып өтетін ғалымның мерейтойы әлемнің әр қиырынан келген мәртебелі қонақтардың басын қосты.

Айтулы шараға дүние жүзінде әл-Фарабидің атын иеленіп отырған жалғыз университет – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұйытқы болды. Сонымен қатар Қазақ ұлттық университетінде әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойының басталуына орай Әл-Фараби орталығы-кітапханасы ашылды.

Бүгінде әлемнің жетекші университеттерінде 12 орталық, ал Ыстанбұл мен Делиде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ашқан мұражай-үйлер бар. Келешекте Конфуций институттары немесе Гете институттарының ғаламдық желілері секілді Әл-Фараби орталықтары да кеңіе бермек. Жақында «Әл-Фараби ізімен» атты ғылыми экспедиция жұмысын бастайды. Барлық іс-шара ғылымға және білімнің дамуына лайықты ықпал етеді деп сенеміз», деді Мемлекеттік хатшы.

Мемлекеттік хатшы мәлімдегендей, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әлемдік талаптарға сай Әл-Фараби ғылыми-технологиялық алқабы құрылмақ. Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының қолдауымен жүзеге асатын бұл жоба озық технологиялар мен инновацияларды дамыту орталығына айналады деп жоспарланып отыр.

Қырымбек Көшербаев әл-Фарабидің қайырымды қоғам туралы идеяларына негізделген тағы бір жаңа жобаны атай келе, бұл бастамалар жастардың рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыруға бағытталатынына тоқталды.

– Әл-Фарабидің отаны Отырар – Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азияның киелі мекені. Бүгінде облыс орталығы мәртебесіне ие болған Түркістан аймағы күллі түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамып келеді. 1150 жылдықты мерекелеу аясында Түркістан облысында әл-Фараби мұрасын қайта жаңғырту және Отырар қаласын туристік кластер ретінде қайта қалпына келтіруге арналған іс-шаралар жүзеге асатын болады. Дамаск қаласындағы Әл-Фараби мәдени-тарихи орталығы мен музей-үйін жетілдіру мәселесі қолға алынады. Сол орталықтың негізінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы құрылады. Филиалдың қызметі әлемдік қауымдастықта ел мүддесін алға қойып, беделін арттыруға септеседі.

Мерейтой аясында дана ойшылдың еңбектерін аудару, әл-Фараби энциклопедиясын шығару, ғұлама ғалым туралы деректі фильм және өмірбаяндық сериал түсіру, театрларда Ш.Құсайыновтың «Әл-Фараби» тарихи драмасын қою, тағы басқа шаралар қарастырылған, – деді Қырымбек Елеуұлы.

Мемлекеттік хатшы әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу барысында төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру керектігін санамалай келе: «Ұлы ойшылдың идеялары мен қағидаттарының теориялық негіздерін жаңа заманға сай пайдалану, ғұлама ғалымның мұрасын өзекті ғылыми-зерттеулерде және инновациялық білім беру үдерістерінде кеңінен қолдану, әл-Фараби идеяларының негізінде жаңа үлгідегі мемлекеттік ұстанымдарды зерделеген жөн», деді.

Салтанатты жиында Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев ғұлама ғалым кезінде жауап беруге тырысқан – қайырымды қоғам, бақыт, адамның жетілуі туралы мәселелер

қазіргі заман үшін де аса өзекті екенін тарата отырып, биыл Үкіметтің, ЮНЕСКО, ТҮРКСОЙ және ИСЕСКО халықаралық ұйымдарының қолдауымен түрлі елдердің ғалымдары Нұр-Сұлтан қаласында, әл-Фарабидің отаны – Түркістан облысында және Парижде өтетін ірі халықаралық конференцияларда бас қосып, ұлы ойшылдың мұрасы жөнінде ой бөлісетінін айтты.

«Ғылыми-сараптамалық іс-шаралар сондай-ақ Түркия, Иордания, Италия, Қытай, Мысыр, Болгария және басқа да елдерде өтеді.

Осыдан кейін сөз кезегін Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев алды.

– Биылғы 2020 жыл еліміздің тарихы үшін маңызды атаулы күндерге бай. Төрткүл дүниеге танымал ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойы – солардың ішіндегі ең елеулілерінің бірі. Ойшылдың арнайы заңмен бекітілген мерекелік шараларының Алматыда басталуының да өзіндік сыры бар. Себебі еліміздегі ең басты оқу ордасы – Әл-Фараби атын-

жаңа бір сапалық деңгейге, халықаралық деңгейге көтерген жөн деп санаймын. Төртіншіден, әл-Фарабидің жүріп өткен жолын саралау арқылы, туристерге тартымды болу үшін жарнамалық бағытта «Әл-Фараби ізімен» интерактивті картасын дайындап, соның негізінде интерактивті тур маршрутын жасау орынды болар еді. Бесіншіден, ғұлама ойшылдың ғылыми нысанына аспан денелерін зерттеу ілімі де енген болатын. Жас жеткіншектерге Фараби мұрасының жан-жақтылығын дәріптеу мақсатында Алматы қаласындағы Обсерватория ішінен Фараби бұрышын ашуды ұсынатын, – деді Бақытжан Сағынтаев.

Тұлғаның адамдық қасиетін жетілдіру – әл-Фараби мұрасының өзегі. Ол тәрбиесіз берілген білімнің зиян екенін айтты. Яғни, тек материалдық байлық тұңғыш адамға бақыт әкелмейтінін ескертті. Қазіргі кәсіпкерлерге осы бағыттағы тақырыптық тренингтер аса қажет, – дейді шаһар басшысы.

Осыдан кейін Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша



дағы Қазақ ұлттық университеті мен Фараби мұраларын жүйелі зерттейтін іргелі ғылыми орталық – Ұлттық академия да Алматы қаласында қоныс тепкен. Оған әл-Фараби кітапханасы мен Фараби орталығын қосыңыз. Ғұламаның «Даналық жауһарлары», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сияқты еңбектері мындаған жыл өтсе де өз мәнін жойған жоқ. Солардың ішінен мен бүгінгі таңдағы қала өмірі үшін ойшылдың «Қайырымды қала» туралы идеялары аса өзекті деп санаймын, – деді.

Шаһар басшысы әл-Фараби айтып кеткен ізгі армандарды жүзеге асыруды 7 стратегиялық бағытта жүргізуді көздеп отырғанын, сол ұстанып отырған мақсаттар әл-Фараби мұрат еткен «қайырымды қала» тұрғызу қадамдарымен ұштасып жатқанын жеткізді.

– Ең алдымен, әл-Фараби мұрасын зерттеу әлі де күн тәртібінен түскен жоқ, зерттелетін қырлары жетерлік. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі әл-Фараби еңбектерін, шет тілдердегі аудармаларын туған жеріне қайтарып, әл-Фараби орталығының жеке қорын жасау керек. 1975 жылы ойшылдың 1100 жылдық мерейтойынан бастау алған аударма ісін қайта жандандыру керек. Екіншіден, Алматы – жастар қаласы. Жастар – ел болашағы. Шығыс әмірлерінің бірі әл-Фарабиден: « – Уа, Ұстаз, менің мемлекетімнің болашағы қандай күйде болмақ?» деп сұрағанда, әл-Фараби: «Елінің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет, сонан соң айтып берейін», деген екен. Осы ретте әл-Фарабидің адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбиелеу ісі қоғамды ізгілендіруге септігін тигізеді анық. Бүгінде студент жастар арасында арнайы әл-Фараби шығармашылығы бойынша ашық байқау жариялау, Алматы қаласы әкімінің стипендиясын тағайындау ұсынылып отыр. Үшіншіден, Алматы қаласында 2009 жылдан бері Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен өтетін «Әл-Фараби олимпиадасы» бүгінде кеңінен танымал. Осы сайысты «Жаутиқов олимпиадасы» секілді

Алматыдағы ЮНЕСКО-ның Кластерлік бюросының директоры Криста Пиккат әл-Фарабидің жаңа орталығын құру және оның жұмысы БҰҰ мен ЮНЕСКО үшін үлкен маңызға ие екенін тілге тиек етті.

– Әл-Фарабидің дүниетанымы мен мұрасы Тұрақты даму саласындағы жаңа күн тәртібімен, сондай-ақ ЮНЕСКО бағдарламаларымен және мақсаттарымен үндес. Сондықтан да Орталық Қазақстанда ғана емес, Орталық Азияда да мәдениет-аралық диалогті дамытатын ЮНЕСКО-ның белсенді серіктесіне айналуы мүмкін. Орталықтың қызметі ЮНЕСКО-ның жастар арасында ғылымды ілгерілетуге, тұрақты дамуды жетілдіруге қажет білім мен дағдыларды ынталандыруға, сондай-ақ әлем мәдениетін дамытуға және зорлық-зомбылыққа қарсы іс-әрекет етуде, мәдени әртүрлілік құндылықтарын тануда көмек бере алады, – деді Криста Пиккат.

Салтанатты шарада Ислам Ынтымақтастық Ұйымы бас хатшысы Асқар Мусиновтің құттықтау сөзі оқылды.

– Бүгінгі мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстанның негізін қалаушы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың мәдени орталықтар құру туралы бастамалары мен Дамаскіде 2012 жылы Қазақстан үкіметі салған Әл-Фараби атындағы мәдени орталықты қалпына келтіру туралы шешімін жоғары бағалағым келеді. Орталықтың қызметі ЮНЕСКО-ның жастар арасында ғылымды ілгерілетуге, тұрақты дамуды жетілдіруге қажет білім мен дағдыларды ынталандыруға, сондай-ақ әлем мәдениетін дамытуға және зорлық-зомбылыққа қарсы іс-әрекет етуде, мәдени әртүрлілік құндылықтарын тануда көмек бере алады, – дейді Асқар Мусинов.

Сөз кезегі Сауд Арабиясы білім және ғылым министрі Нассер Мұхаммед әл-Акили мырзаға жеткен кезде ол екі елдің университеттеріне пайда әкелетін ғылыми салаларда зерттеулер мен ғылыми ынтымақтастықты одан әрі дамытуға үлкен үміт артатынын жеткізді.

Каподистрия атындағы Афина ұлттық университетінің профессоры Георгиос Стейрис: «Мен философияның отаны болып

саналатын қалада дүниеге келдім. Сократ, Платон және Аристотель Афинада философияның негізін қалады. Олардан соң философия Шығыста тарала бастады, онда философиялық ойдың барлық аспектілерін екінші ғалым дамытты. Әбу Насыр әл-Фараби платондық және аристотельдік ойларды Шығыс дәстүрлерімен байланыстыруға ұмтылды және Ұлы Еуразия даласына философияны алып келген. Оның үстіне, Ұлы музыка кітабы – аса маңызды ортағасырлық музыкалық трактат. Әл-Фарабидің философия тарихындағы орны негіздеуші екені назар аударарлық. Өйткені оның шығармашылығы мен қызметі Қазақстан, Ирак, Сирия және Мысырдың тарихи жерлерін, Жерорта теңізінен Қытай шекарасына дейінгі барлық ұлы өркениеттерді біріктірді. Нәтижесінде ол Аристотельден кейінгі ұлы философиялық беделге ие болды.

Ол жаһандану идеясын алға тартқан бірінші адам. Ол ежелгі гректердің мейірімді қала идеясын сақтауға ұмтылады, сондай-ақ мейірімді қауым мөлшерін арттырады. Оның пайымдауы маңызды және ықпалды болып қала береді, өйткені әл-Фарабидің жаһандық мемлекеті ақыл-ой мен шыдамдылық арқылы басқарылады. Ешбір діни немесе этностық дәстүр екіншісің жокқа шығармайды», деді.

Мәртебелі меймандардың бірі Дамаск университетінің президенті Мұхаммед Махер Кабакиби байырғы Шам тарихын безбендей келе: «Мұнда ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің кесенесі орналасқан. Ол ең көрнекті тұлғалардың бірі. Нижра жыл санауы бойынша 329 жылы Дамаскіде қайтыс болып, сол жерде жерленген. Ескі Дамаскіде оның кесенесінің жанынан «Әл-Фараби мәдени орталығы» құрылған. Ол философия, логика, физика, музыка, медицина және этика ғылымдарын терең меңгергеннен кейін «екінші ұстаз» деген атқа ие болған. Бұл орталық Қазақ елінің Сирияға тартуы», деді.

Түркия Республикасының Ұлы ұлттық мәжілісінің депутаты Метин Гүндоғду биылғы Фараби жылында Түркия Республикасының ресми өкілдері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тізе қоса отырып, Ыстанбұл мен Анкарада түрлі іс-шара өткізетіндігін жеткізді.

Салтанатты жиынның ресми бөлігін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалым Мұтанов қорытындылады.

Арада XI ғасыр өтсе де, әл-Фараби ілімінің дәл қазіргі алмағайып заманда өте өзекті әрі қажетті екеніне көзіміз жетіп отыр. Осы орайда, университет басшысы Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму жөніндегі жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ ғұламаның қайырымды қоғам туралы ілімінің негізінде Университет – 4.0 жаңа моделін дайындап, өткен жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде, ал биыл Жиддада, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымында таныстырды. Жаңа жоба халықаралық ауқымда жан-жақты қолдау таба бастады, деді.

Қазіргі уақытта осы модель аясында ҚазҰУ Біріккен ұлттар ұйымының Өркениеттер альянсымен бірге «Қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру. Қазіргі университеттер миссиясы» деп аталатын халықаралық жобаны жүзеге асырып отыр. Бұл жоба Қазақ ұлттық университетінің әлемнің 12 мемлекетінде ашылған Әл-Фараби орталықтарында іске қосылған. Сондай-ақ жуырда әл-Фарабидің жатқан жері – Дамаскідегі кесенесінде осындай орталық ашылмақ. Осы арада Әл-Фараби есімін және ілімін мәшһүрлеу мақсатында Ұлттық университетте тұңғыш қазақстандық «Әл-Фараби-1» және «Әл-Фараби-2» наноспутниктері ғарышқа ұшырылғанын айту ләзім. Сондай-ақ «Әл-Фараби ғылыми-технологиялық алқабы» атты жаңа жоба іске қосылады.

Ұлы ойшылдың мерейтойы қарсаңында университет студенттері әл-Әл-Фарабидің қайырымды қоғам туралы ілімін елімізде және әлемде тарату ниетімен «QAIYRYMDY QOGAM» деп аталатын заманауи челленджді бастап кетті. Фараби мерейтойы ашылу салтанатының соңы театрландырылған сахналық көрініс пен үлкен концертке ұласты.

КАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫ

Әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі-Портал) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінің бір бөлігі болып табылады және мүгедектігі бар адамдарға тікелей жеткізушілерден оңалту құралдары мен қызметтерін дербес сатып алу мүмкіндігін беретін автоматтандырылған жүйе болып табылады.

Портал 6-дан (инвентаризация қызметтерінен басқа) 5-үдерісті цифрлауды көздейді, бұл:

- 1) Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 2) техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету;
- 3) ымдау тілі маманының қызметтерін көрсету;
- 4) жеке көмекшінің қызметін көрсету;
- 5) санаториялық-курорттық емдеу қызметтерін көрсету.

Мемлекет тарапынан техникалық құралдар мен оңалту қызметтерінің құнын өтеу тетігі көзделді. Портал қосымша тұтынушы неғұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдаған кезде қосымша ақы

төлеу мүмкіндігін қарастырады.

Үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында оңалту тауарлары мен қызметтері баламалы негізде – портал және Мемлекеттік сатып алу арқылы көрсетілетін болады. Порталға толық өту-2021 жылдан бастап.

Бұл адал бәсекелестікті арттырады және әлеуетті өнім берушілердің оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруға қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қызмет алушылар порталды өз бетінше немесе Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары мен бөлімдері қызметкерлерінің көмегімен пайдалана алады.

Порталды енгізу ұсынылатын ТОҚ мен қызметтердің сапасын жақсартуға, оларды алудың мерзімдері мен атаулылығын қысқартуға, ТОҚ мен қызметтерге нақты қажеттілікті анықтауға мүмкіндік береді.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік ағдарламалар бөлімі» ММ

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ПОРТАЛ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ

Портал социальных услуг (далее – портал) является частью единой информационной системы социально-трудовой сферы и представляет собой автоматизированную систему, предоставляющую лицам с инвалидностью возможность самостоятельного приобретения средств и услуг реабилитации непосредственно у поставщиков.

Портал предполагает оцифровку 5-и процессов из 6-и (кроме услуг инвентаризации), это:

- 1) оказание специальных социальных услуг;
- 2) обеспечение техническими средствами реабилитации;
- 3) оказание услуг специалиста жестового языка;
- 4) оказание услуг индивидуального помощника;
- 5) оказание услуг санаторно-курортного лечения.

Со стороны государства предусматривается механизм возмещения стоимости технических средств и услуг реабилитации.

Порталом дополнительно предусматривается возможность доплаты при выборе потребителем более дорогих товаров и услуг.

В целях бесперебойного обеспечения услуги реабилитации будут оказываться на альтернативной основе – через портал и через госзакупки. Полный переход на Портал – с 2021 года.

Это повысит добросовестную конкуренцию и обеспечит прозрачность участия потенциальных поставщиков в реализации средств и услуг реабилитации.

Получатели услуг смогут воспользоваться порталом самостоятельно или с помощью сотрудников управлений или отделов занятости и социальных программ.

Портал позволит улучшить качество предоставляемых ТСП и услуг, сократить сроки и адресность их получения, определить реальную потребность в ТСП и услугах.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ БАЛАБАҚШАДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жаста берген тәрбие, жас шыбықты игендей.

Қазақстан Республкасы соңғы жылдарда жас ұрпақты тәрбиелеуде әлемнің

соңғы жетістіктерін игеруде алға ұмтылуда. Оны біз мектепке дейінгі тәрбие беру мәселерін күн тәртібінде қойып, оны жан-жақты дамытуды көздеген реформалардан білеміз.



Жас ұрпақ біздің келешегіміз, оны жан-жақты тәрбиелеу, білімге құштарлығын ояту, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру балабақша тәрбиешілерінің бастыміндеті болмақ. Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Қазіргі кезеңде әлемдегі экологиялық жағдайда адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпаққа экологиялық тәрбие беру заман талабы болмақ. Келешекте балалар кім болса да, олар қоршаған ортада рөлдерін біліп, табиғатзаңдылықтары бойынша өз түсініктері болуы керек. Біз баланы табиғатты пай-

даланып қана қоймай, оған қамқор болуға, оны күтіп аялауға үйретуіміз керек.

Біз табиғи факторлар су, ауа, күнді қолдана отырып экологиялық тәрбие мәселелерін шешеміз.

Балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымыды қалыптастыра отырып, қарапайым білім беріп, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама танымдарын қалыптастыра тәрбиелеуді ұштастыру керек. Балаларға таным құбылыстар жайында көз жеткізе отырып, түсінік беру, олардың қоршаған орта, табиғат жайында білімдерін толықтырады.

Мысалы тірі табиғат және өлі табиғат не екендігін өсімдік, жануар, құс өсіп дамиды, өсімдік дамиды, жауарлар көбейеді, баласын сүтпен асырайды, құс жұмыртқалайды т.б. дегендей тірі табиғаттың ерекшелігі, өлі табиғат су, тас, күн, бұлт, жел өзгеріссіз ағымда болатынын түсіндіру арқылы жас ұрпақтың білімі толықтырылады.

Әрине жас ұрпақты табиғатты сүйеу, оның адам өмірі үшін маңыздылығы, қазіргі кезеңдегі экология мәселелерін тереңдете

Бала тәрбиесі - баршаға ортақ



оқыту мен тәрбиелеу жүйелі түрде әрі қарай жалғастыру заман талабы. Сондықтан жас ұрпақты жан-жақты білімді жеке тұлға ретінде қалыптастыру тәрбиешілердің шеберлігі мен білімділігіне байланысты болмақ.

Ф.С.Тажимаева, «Еркетай» шағын орталығы тәрбиешісі

ДЕПУТАТЫ-КОММУНИСТЫ БЫЮТ ТРЕВОГУ В СВЯЗИ С ОТТОКОМ МОЛОДЕЖИ ИЗ-ЗА ДЕГРАДАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Депутат Мажилиса от фракции "Народные коммунисты" Айкын Конуrow призывает принять антикризисные меры в связи с деградацией уровня отечественного образования и науки. С соответствующим депутатским запросом в адрес Премьер-министра он обратился на пленарном заседании Мажилиса, передает корреспондент Kazpravda.kz.

"В Казахстане начала действовать новая госпрограмма развития образования и науки на 2020-2025 годы. Мы считаем, что анализ реализации уже сделанного в сфере образования выполнен поверхностно. Формально все исполнено. Можно ли говорить о достижении главной цели?" - задан вопрос мажилисменам.

Он напомнил, что в программе развития образования на 2011-2020 годы ставилась цель улучшить результаты учащихся казахстанских общеобразовательных школ в международных сравнительных исследованиях.

"Так, в международной программе по оценке образовательных достижений учащихся (PISA) Казахстан должен был выйти на 40-45 место. Это и есть базовый показатель, поскольку он оценивает, по сути, фундаментальную подготовку учеников – в математике, естествознании, читательской



грамотности. В итоге закончилось все досрочным прекращением действия госпрограммы. Вместо нее была принята новая, рассчитанная на 2016-2019 годы. Из нее данные целевые индикаторы исчезли", - констатировал Айкын Конуrow.

По его информации, по итогам последнего рейтинга, наблюдается серьезное ухудшение результатов.

"Казахстан по математике на 54-м месте из 78 стран, по естествознанию и по читательской грамотности - на 69-м месте. На последних местах мы по уровню информационной и компьютерной грамотности школьников (ICILS), по показателю гра-

мотности взрослого населения (PIAAC). Реальность такова, что вместо развития человеческого капитала идет обратный процесс.

Грамотность падает. И на селе, и на производстве уже сейчас самая острая проблема – падение уровня подготовки молодых специалистов.

Говорить о вкладе человеческого капитала в устойчивость экономики также не приходится. В Глобальном индексе инноваций Казахстан в 2019 году занял 79-е место, потеряв 5 позиций, по сравнению с 2018 годом", - сказал депутат.

Айкын Конуrow отметил, что исторически преимуществом Казахстана были высококвалифицированные трудовые ресурсы, тотальная грамотность населения, но этот задел мы растеряли.

"Таким образом, государство само стимулирует отток талантливой молодежи за рубеж. Поскольку многие родители, осознавая масштабы деградации образова-

Актуально

тельной системы, отправляют детей за пределы Казахстана. Мы сами оставляем нашу страну без будущего, пока позволяем разрушать культ образования, поколениями бывший главной ценностью в казахстанских семьях. По уровню средней зарплаты Казахстан находится на 74-м месте в мире. На такие же позиции мы идем и по уровню грамотности. Несмотря на постоянный формальный рост расходов на образование и науку, мы движемся к положению страны с преобладанием дешевой и низкоквалифицированной рабочей силы, - считает Айкын Конуrow.

Он подчеркнул, что фактически Казахстан откатывается в группу отстающих развивающихся стран, вместо того, чтобы двигаться в тридцатку лучших.

"Это очень тревожная тенденция, которую нельзя переломить технической программой. К тому же она продолжает генеральную линию предыдущих программ, предполагая постоянные изменения, попытку внедрения всевозможных мировых практик и моделей. Мы считаем, что нужно честно признать невыполнение главных целей двух предыдущих программ развития образования, и приступить к выработке антикризисных мер, способных остановить падение уровня грамотности и ухудшение общего качества образования", - сказал мажилисмен.

Источник: Kazpravda.kz.



ПРОГРАММИСТЫ БЕСПЛАТНО И ЗА ДВА ДНЯ СДЕЛАЛИ САЙТ, НА КОТОРЫЙ МИНИСТР ХОТЕЛ ПОТРАТИТЬ 400 МИЛЛИОНОВ

Неравнодушные

В Чехии группа программистов бесплатно сделала и передала правительству сервис после того, как стало известно, что заказ его - без открытого конкурса - министерство транспорта оценило в 401 миллион чешских крон (почти 16 миллионов евро). Об этом сообщает TJournal со ссылкой на чешские СМИ.

История началась с тендера на создание сервиса по продаже электронных разрешений на проезд по платным скоростным автомагистралям. Госзаказ включал в себя разработку интернет-магазина и двух приложений для iOS и Android. В чешском IT-сообществе он вызвал возмущение из-за "явного расточительства" со стороны правительства. Владелец компании Actum Digital Томаш Вондрачек назвал тендер "абсурдным" и добавил, что при желании ту же работу можно сделать "хоть за пару дней".

"Мне показалось, что государственный заказ в том объеме, в котором он был представлен в СМИ, и его заявленная стоимость совершенно не соответствуют реальности. Это абсолютное расточительство. Не впервые государственные заказы в области IT превращаются в мегаломанские и необоснованно дорогие проекты. Это для меня стало последней каплей, потому что, по сути, речь идет не о таком уж сложном проекте. 401 миллион крон за создание и четырехлетнюю эксплуатацию такого сайта - абсолютно нереальная цена",

- сказал он.

Вондрачек предложил местным программистам объединиться и создать аналог сервиса из госзаказа. Все планировали сделать за одни выходные в офисе в Праге, а

теме завышения цен на госконтракты, где происходит злоупотребление некомпетентностью клиентов. А наши деньги в итоге просто вылетают в трубу", - пояснил владелец компании Actum Digital. На при-



потом просто передать правительству Чехии в качестве подарка и примера того, как тратятся налоги граждан. "Нами руководило желание противостоять сис-

зывы в соцсетях откликнулись более 300 чешских программистов. В пятницу, 24 января, на хакатон в офисе Вондрачека собралось 60 человек, которые приступили

к работе. К вечеру воскресенья они сделали платформу fairznamka.cz, соответствующую большинству требований к сервису за 16 миллионов евро.

Во время хакатона на работу программистов приехал посмотреть премьер-министр Чехии Андрей Бабиш. "Думаю, политики просто шокированы происходящим", - заявил организатор хакатона журналистам на второй день работы. К тому моменту добровольцы разрабатывали сервис 22 часа подряд. В понедельник, 27 января, сайт заработал в тестовом режиме. Он еще не подключен к госсистеме, но имитирует все необходимые функции. За первые сутки сервис посетили более 175 тысяч человек, которые испытали нагрузку сайта и сделали первые покупки.

Правительство Чехии изначально предлагало оплатить помощь, но потом приняло сайт fairznamka.cz в подарок, как и задумывалось перед хакатоном. Из-за этой истории премьер-министр Чехии уволил министра транспорта Владимира Кремлика. После отставки Кремлик отметил, что уважает решение главы правительства, но добавил, что в его приоритетах было создание системы "без задержек", поэтому конкурс был закрытым.

По мнению Вондрачека, ситуация с добровольной разработкой сайта в знак протеста - прецедент, после которого в Чехии задумаются, на что в стране тратятся налоги жителей. "Думаю, с необоснованно завышенными госзаказами покончено", - заявил программист.

Источник: Tengrinews.kz

КАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ «Приозерский вестник» газетінің 2020-жылдың 17-қаңтарындағы № 03/647 санында жарияланған жер учаскелері Аукционның өткізілуі жөніндегі ақпаратта дәлсіздік орын алғанын хабарлайды. Осыған байланысты өтінімдерді қабылдау туралы ақпарат төмендегідей мәтінде оқылуға жатады:

«2020 жылғы 17 ақпан 16.00-де Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй, 2 қабат, мәжіліс залында жер учаскелерін сату және жер учаскелерінің жалға алу құқығын сату бойынша аукцион өткізілетінін хабарлайды».

«Аукционға қатысуға өтінімдер Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй, 3 қабат, № 303 кабинетте 2019 ж. 16 ақпанға дейін сағат 09.00-ден 16.00-ге дейін (13.00-ден 14.30-ға дейін үзіліс) қабылданады. Ақпарат телефоны 5-32-48».

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» настоящим объявлением уведомляет, что в информации о проведении Аукциона земельных участков, опубликованном в газете «Приозерский вестник» №3/647 от 17.01.2020 года на стр. 2-3, допущена неточность. В связи с чем, информацию о приеме заявок следует читать в следующей редакции:

«17 февраля 2020 года в 16:00 часов по адресу: город Приозерск, Балхашская, дом 5, 2 этаж, в актовом зале состоится аукцион по продаже земельных участков».

«Заявки на участие в аукционе принимаются по адресу: г.Приозерск, улица Балхашская, дом 5, 3 этаж, кабинет № 303 до 16 февраля с 09.00 до 16.00 часов (обеденный перерыв с 13.00 до 14.30). Справки по телефону 5-32-48».

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»

Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!

2020 жылдың 5 ақпанында "Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ Балхаш көшесі 5 үй мекен-жайы бойынша «Ашық есік күні» өтетіндігін хабарлайды

Іс-шара аясында, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін (түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін), барлық ниет білдіргендерге мемлекеттік қызмет түрлері бойынша кеңестер беріледі.

"Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ

Уважаемые жители города Приозерск!

ГУ "Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск" сообщает, что 5 февраля 2020 года в состоится «День открытых дверей» по адресу ул.Балхашская д.5

В рамках мероприятия с 9.00 час. до 17.30 час. (с перерывом на обед с 13.00 час. до 14.30 час.) всем желающим будет дана консультация по вопросам оказания государственных услуг.

ГУ "Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск"

ОБЪЯВЛЕНИЕ * НЕДВИЖИМОСТЬ * ОБЪЯВЛЕНИЕ

ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг.
г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.
Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе.
Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

ПРОДАЕТСЯ СРОЧНО!

Помещение под бизнес (быв.аптека), по адресу: бульвар Женис (быв.БСА), д.30-1. на первом этаже пятиэтажного дома. Есть входная группа. Цена договорная. Телефон: +7-747-161-6578

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.
Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник
Запись по телефону: мастера-парикмахеры: 8-775-274-25-87 (Антоний) 8-747-970-25-81 (Карлыган). На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)

Парикмахерская Милолика

Ваша красота - Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 05/649. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.